

Оспанғали Д., Заманбеков Н. А., Әбутәліп Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖЫЛҚЫ МАНДАМЫН БАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Андатпа

Жақанда жылқы мандамын балау әдістері бойынша мәліметтер келтірілген. Зерттеу жүргізу барысында алынған деректер негізінде үш жеке шаруа қожалықтарындағы жылқы мандамының пайыздық көрсеткіштері салыстырмалы принцип бойынша сараптама жұмыстары жүргізілді. Жалпы алғанда зерттеу жүргізілген үш шаруашылықтағы 729 бас жылқы ішінен 41 бас (5,6%) ауруға ұшыраса, оның ішінде өлімге ұшырағаны 7 бас (0,9%) болғандығы белгілі болды.

Кілт сөздер: жылқы мандамы, мандам індеті, лимфа түйіні, абсцесс, микроскоп, қоректік орта, серология.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешу, нарықты олармен толтыру мақсатында және осы азық-түлікке барлық әлеуметтік сатыдағы тұрғындардың қолын жеткізу жолында жаңа ресурстар жинақтаушы, технология негізінде жоғары сапалы және нарықтық талаптарға сай өнім шығарудың маңызы өте зор. Ауыл шаруашылық өнімдерінің қысқа уақытта көбеюіне Қазақстандағы ертеден келе жатқан салалардың бірі-жылқы шаруашылығы себеп бола алады.

Жылқы еті құндылығы жағынан сиыр етінен кем емес, ал қымыздың емдік қасиеттері өте жоғары. Жылқыны негізінен табын құрып үйірде бағады. Басқа жануарларға қарағанда жылқыны бағып-өсіру тиімдірек болып келеді.

Республикамызда жыл сайын жылқы басының көбею тенденциясы байқалуда. Жылқы 2005 жылғы санақ бойынша саны 1163500-ге жеткен. Жылқы шаруашылығының дамуына кедергі болып тұрған негізгі себептерінің бірі жұқпалы аурулар, оның ішінде мандам індеті еліміздегі шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарға көптеген экономикалық шығын келтіруде.

Зерттеу мақсаты Алматы облысы шаруашылықтарындағы ауруды балау.

Зерттеу материалдары мен тәсілдері

Алматы облысы Талғар ауданына қарайтын ЖШС «Панфилов» асыл тұқымды жылқы шаруашылығы, «Сәрсенбек» жеке шаруақожалығы, ЖШС «Ахал-Теке» жылқы табындарында тексеру жұмыстары жүргізілді.

Мандам індетін балау барысында клиникалық зерттеулер жүргізілді. Ауру малдардың лимфа түйіндері мен абсцестерінен алынған іріндерден жағынды жасап, микроскоп арқылы тексерілді, өлген малдардың үлпешекті ағзаларынан және мұрын қуысының кіллегейлі қабықтарынан алынған ақпаларды арнайы дайындалған қатты және сұйық қоректік орталарға себінді жасап 25-27°C температурада термостатта өсіреді.

Зерттеу мақсаты

Жоғарыда аталған мәліметтерді ескере отырып, біз үш шаруақожалықтағы жылқы мандамын таралу ерекшеліктерін салыстырмалы түрде зерттеу.

Зерттеу нәтижелері

Жылқының мандам індетінің өлім-жітімге ұшырату мен ауруға ашалдығу нәтижелері 1-ші кестеде келтірілген.

Кестеде келтірілген мәліметтер Панфилов ЖШС-нің 289 бас жылқыдан ауырғандары 18 бас (6,2%), оның ішінде өлімге ұшыраған 3 бас (1,2%); Сәрсенбек ЖШС-де 260 бас жылқының 11 басы ауырса (4,2%), 2 бас өлімге ұшырады(0,7%); Ахал-Теке ЖШС-де 180 бас жылқының 12 басы ауырса (6,7%), оның ішінде 2 бас өлімге ұшырады.

Жалпы алғанда жоғарыда аталған зерттеу жұмыстары жүргізілген төрт шаруашылық бойынша 729 бас жылқының 41-де мандам ауруы тіркелсе (5,6%), ал оның ішінде 7 бас өлімге душар болғаны анықталды(0,9%).

Кесте 1. Жылқының мандам індетінің өлім-жітімге ұшырауымен ауруға шалдығуымен тексеру нәтижелері

№	Шаруашылықтар	Қожалықтағы жылқы саны	Ауырғандары	%	Өлгендері	%
1	Панфилов ЖШС	289	18	6,2	3	1,2
2	Сәрсенбек ЖШС	260	11	4,2	2	0,7
3	Ахал-Теке ЖШС	180	12	6,7	2	1,1
Барлығы		729	41	5,6	7	0,9

Қорытынды

Қазіргі кезде жылқының мандам індеті елімізде кеңінен таралған және жылқы шаруашылығында елеулі экономикалық шығын келтіруле. Ауру жылқыны уақытылы оқшаулап, бағытталған емдік шараларды жүргізу үшін дертін алғашқы сатысын дәл балауда серологиялық зерттеудің маңызы зор. Жүргізілген зерттеулер барысында тексерілген жылқы шаруашылықтарында мандам ауруына шалдығу орта есеппен 5,6% және өлім-жітімге ұшырау көрсеткіші 0,7-1,2% аралығында болатындығы анықталды.

Әдебиеттер

1. Гуславский И. И. Эпизоотологический лимфогит и меры борьбы с ним. – Алма-Ата, 1990.-37 с.
2. Сивиридов А.А. Ранняя диагностика эпизоотического лимфангоита лошадей //Ветеринария. – 1949. -№7. -50-53.
3. Демченко А.Г. Эпизоотологический лимфогит в Казахстане. //Актуальные проблемы вирусологии: Тез.докл.науч.конф.пгт. Гвардейский, 1994. – С140.
4. Сандыбаев Н.Т., Султанкулов К.Т., Кошметов Ж.К., Зайцев В.Л., Демченко А.Г. Лабораторные методы диагностики эпизоотического лимфангоита //Ветеринарные методы диагностики эпизоотического лимфангоита //Ветеринарные и зоотехнические вопросы коневодства: материалы первой научно-практической конференции. – Алматы, 2003. – С.29-32.

Ospangali D., Zamanbekov N.A., Abutalip A.

DIAGNOSTIC METHODS OF HORSE LYMPHANGITIS

For the study of horse lymphangitis data were taken from three farms. Percentages of lymphangitis were determined by comparative principles. Totally studied 729 horses from three farms, among them 41 (5,6%) horses were infected, and the mortality was 7 (0,9%) horses.

Key words: horse lymphangitis, lymphangit infectious, lymph nodes, abscess, microscope, culture media, serology.

МЕТОДЫ ДИАГНОСТИКИ ЛИМФАНГЕНИТА ЛОШАДЕЙ

В этой аннотации приведено сведение о методах диагностики при лимфангите лошадей. В ходе исследований по данным 3 индивидуальных крестьянских хозяйств, лимфангит лошадей по принципу процентно – относительной показателя было проведено экспертиза. Из исследованных 729 голов в 3 хозяйства, 41 голов (5,6%) были больны, из них 7 голов (0,9%) были с летальным исходом.

Ключевые слова: лимфангит лошадей, болезнь лимфангит, лимфатические узлы, абсcess, микроскоп, питательная среда, серология.

УДК 619:616.981.42

**Рыскельдинова Ш.Ж., Кыдырбаев Ж.К., Асанжанова Н.Н., Гоцкина Т.М.,
Кожамкулов Е.М., Инкарбеков Д.А., Табынов К.К.**

*РГП «Научно-исследовательский институт проблем биологической
безопасности КН МОН РК*

УСЛОВИЯ КУЛЬТИВИРОВАНИЯ ГРИППОЗНЫХ ВЕКТОРОВ, ЭКСПРЕССИРУЮЩИХ БРУЦЕЛЛЕЗНЫЕ ИММУНОДОМИНАНТНЫЕ БЕЛКИ OMP16 ИЛИ L7/L12, В КУРИНЫХ ЭМБРИОНАХ

Аннотация

С целью специфической профилактики бруцеллеза крупного рогатого скота на основе метода обратной генетики были сконструированы четыре рекомбинантных штамма вируса гриппа А субтипов H5N1 и H1N1, экспрессирующих из открытой рамки считывания гена NS1 бруцеллезные иммунодоминантные белки Omp16 или L7/L12. В данной работе представлены результаты исследований по определению оптимальных параметров культивирования указанных гриппозных векторов в куриных эмбрионах (КЭ). Установлено, что максимальное накопление гриппозных векторов отмечается при следующих условиях культивирования: возраст куриных эмбрионов (КЭ) - 10 суток, заражающая доза инфицирования КЭ 1000-10000 ЭИД₅₀, температура и продолжительность инкубации - 32-34 °С и 48 ч, соответственно. При соблюдении указанных параметров культивирования можно стабильно получать высокоактивный вирусосодержащий материал с инфекционной и гемагглютинирующей активностью не менее 7,0 lg ЭИД₅₀/см³ и 1: 64, соответственно, что вполне пригодно для приготовления векторной вакцины против бруцеллеза крупного рогатого скота (КРС).

Ключевые слова: Гриппозные векторы, бруцеллез, антиген, рекомбинантные штаммы, куриные эмбрионы, крупный рогатый скот.

Введение

Бруцеллез КРС - хроническое зооантропонозное заболевание, распространенное во многих странах мира, наносящее большой экономический ущерб животноводству и представляющее серьезную опасность здоровью людей [1-3]. Несмотря на столетнюю историю открытия возбудителей этой инфекции и, соответственно, столь же длительную историю объединения усилий ученых разных стран, направленных на